

ОЙЫЛ

«АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІНЕ АЙНАЛУҒА ТИІС»



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ
БІРІНШІ ФОРУМЫ

Тәуелсіздік сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумы өтті. Осынау іс-шараға еліміздің түкпір-түкпірінен 2 мыңнан аса адам жиналды. Форумға агрохолдингтердің өкілдері, фермерлер, шаруа қожалықтарының жұмысшылары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің мүшелері мен инвесторлар қатысты.

ОН ЖЫЛДАҒЫ РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің басында жиынға қатысушыларды Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күнімен құттықтады. Мемлекет басшысы форумның елімізде тың игеру науқаны басталғанына 70 жыл толуымен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті. Президенттің пікірінше, тың игеру науқанының түрлі салдары болғанына қарамастан, ауыл шаруашылығында көптеген оң өзгеріс жасалды. Қазақстан аз уақыт ішінде әлемдегі астықты елдердің біріне айналды. Бұл ретте ол алғашқы тыңгерлердің және олардың ізін басқан диқандарымыздың еңбегін ерекше бағалады.

– Қазақстан егіс алқабы және жайылмалық жер көлемі жағынан әлемде 6-орын алады. Біз бидай экспорттайтын 10 ірі мемлекеттің қатарына кіреміз. Ұн экспорты бойынша көш басындағы елдің біріміз. Биыл түрлі қиындыққа қарамастан, қамбамыз астыққа толды. Күзгі жиын-терімде 26,7 млн тонна дақыл жиналды. Бұл – кейінгі он жылдағы рекордтық көрсеткіш. Шын мәнінде, диқандарымыз тамаша нәтижеге жетіп отыр. Құттықтаймын және баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін! – деді Президент. Президент жүйелі жұмыстардың нәтижесінде инфляция деңгейі төмендегенін, ал ұлттық экономиканың өсімі биылғы қаңтар-қазан айларында 4 пайыздан асқанын жеткізді. Оның айтуынша, мұнайдан тыс салаларды дамыту арқылы оң динамика байқалады. Бұл – маңызды үдеріс. Ішкі жалпы өнім өсімінің үштен екісінен астамы сауда, өңдеу өнеркәсібі, құрылыс пен ауыл шаруашылығына тиесілі. Осы бағыттағы белсенді жұмысты

жалғастыру керек.

– Қазақстан шетелдерден тікелей инвестиция тарту бойынша Орталық Азияда көш бастап тұр. Биыл жетекші халықаралық рейтинг агенттіктері Қазақстанның қазіргі несие рейтингін инвестициялық сенімділік деңгейінде тұрғанын растады. Қыркүйекте Moody's агенттігі Қазақстанның ұзақмерзімді рейтингін «Турақты» деңгейіне көтерді. Бұл – Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең үздік нәтиже. Инвестиция экономиканың кен өндіруден тыс салаларына көбірек тартылды. Өңдеу секторы көлемі жағынан қазірдің өзінде кен өндіруді басып озды әрі үздіксіз өсіп келеді (өнеркәсіп құрылымында өңдеу секторының үлесі 47 пайызды құрайды). Бұл салада бүгінде 630 мың азамат жемісті еңбек етеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда Мемлекет басшысы жыл соңында жалпы құны 1,2 трлн теңгені құрайтын 180 индустриалды жоба іске асырылатынын хабарлады. Атап айтқанда, катодты мыс (Қарағанды облысы), феррохоритпа (Павлодар облысы), жүк көліктерінің бөлшектері (Қостанай облысы), цемент, бағалы металл өңдеу өндірісі (Жамбыл облысы) секілді ірі зауыттар жұмыс істей бастайды. Қазіргі уақытта вольфрам кенін қайта өңдеу (Алматы облысы), «Chevrolet Opel» автокөлік маркасын құрастыру (Қостанай облысы), мыс концентраты (Жамбыл облысы), жылу оқшаулағыш материалдары (Алматы облысы) және қыш тақталары (Шымкент қаласы) өндірістері пайдалануға берілді. Атырау облысында полипропилен шығаратын зауыттың ашылуы мұнай-газ химиясы саласының толықтай қалыптасуына ықпал етті. Алдағы уақытта полиэтилен мен бутадиден өндіру жоспарланған. Маңғыстау облысында еуропалық консорциумның қатысуымен «жасыл» сутегі өндірісі жобасы жүзеге асырылады. Осылайша елімізде озық халықаралық стандарттарға сай және сыртқы нарықта сұранысқа ие өнім өндіретін жаңа кәсіпорындар құрылып жатыр. Бұдан соң Президент әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтардың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру үшін ауқымды жұмыс

жүргізіліп жатқанын, осы мақсатта «Отау», «Наурыз» және «Асыл мекен» жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалары ашылғанын, сондай-ақ көктемгі су тасқынынан зардап шеккен 17 мыңнан аса отбасының баспана мәселесі шешімін тапқанын атап өтті.

– Агроөнеркәсіп кешеніне жан-жақты қолдау көрсетілуде. Негізгі мақсатымыз – ауыл шаруашылығының дамуына серпін беру. Бүгінде еліміздің Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі индексінің экономикадағы басты қозғаушы күшінің біріне айналуға тиіс. Бизнес те, мемлекет те осыған мүдделі. Бұл, ең алдымен, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды. Ауылдағы ағайынның тұрмысы да осы салаға тікелей байланысты, – деді ол.

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕ ЕРТЕРЕК БЕРІЛЕДІ

Президент алдағы жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталды. Оның біріншісі – агроөнеркәсіп кешенінің қаржыландыруды жүйелі жүргізу. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет агроөнеркәсіп кешеніне бөлінетін қаржы көлемін айтарлықтай арттырғанын, пайыздық мөлшерлеменен субсидиялау арқылы несиеге қолжетімділікті күшейтті.

– Диқандар енді көктемгі егін егу және жиын-терін жұмыстарына 5 пайыз мөлшерлеменен тікелей жеңілдетілген несие алады. Мұндай несиеге көлемі алғаш рет жарты трлн теңгеден асты (580 млрд теңге, бұған дейін 180 млрд теңге болған), алдағы уақытта бұл көрсеткіш 1,5 трлн теңгеге дейін жеткізіледі. Дәнді дақылдар түсімі биыл гектарына 16 центнерді құрады. Бұл – көпжылдық орташа көрсеткіштерден әлдеқайда жоғары. Кейбір алқаптан гектарына 40 центнерден немесе одан да көп өнім жиналды. Бидай сапасы мен балауызының деңгейі – (32 пайыз) жоғары. Бұған заманауи агротехнологияларды, жоғары сапалы

тұқымды, тыңайтқыш пен пестицидтерді пайдалану, сондай-ақ ауылшаруашылық техникаларын жаңарту арқылы қол жеткіздік. Енді біздің алдымызда жиналған өнімді сақтау және оның бағасын қолдауға жол бермеу міндеті тұр. Үкіметке Азық-түлік корпорациясы арқылы шаруалардан астық сатып алуы тапсырамын. Бұл нарықтағы бағаны ұстап тұру үшін керек. Астықты өңірлердегі қоймаларды босату мақсатында Ауыл шаруашылығы және Көлік министрліктері бидайды басқа облыстарға тасымалдауды жедел қамтамасыз еткені жөн. Бұл істе облыс әкімдерінің үйлесімді жұмыс істегені маңызды. Көктемгі егіс пен күзгі жиын-терін жұмыстарын мен қызметтерді кешіктіру салдарынан шаруалар егін егу барысында көп қиындықты бастан өткереді. Сондықтан менің тапсырмам бойынша көктемгі егіс жұмыстарына бөлінетін жеңілдетілген несие биылғы желтоқсан айынан бастап берілетін болады. Соның нәтижесінде диқандар жан-жан-жанармайды, қосалқы бөлшектерді, басқа да қажетті тауарлар мен қызметтерді уақытында сатып ала алады, – деді Мемлекет басшысы.

Ол халыққа арнаған Жолдауында аталған салаға жеке инвестициялар тарту керек екенін айтқанын еске салды. Бұл ретте Президент агроөнеркәсіп кешенінің мемлекет тарапынан субсидиялауды біртіндеп қысқартып, оның орнына банктердің ауыл шаруашылығына жеңілдетілген несие беруін отандық қаржы институттары агрокәсіпорындарға ұзақмерзімді әрі қолжетімді қаражат ұсынуға тиіс екенін атап өтті.

– Бүгін – Ұлттық валюта күні. Төл валютамыз – тәуелсіздіктің символы. Теңгенің тұрақтылығы Қазақстан экономикасының орнықты дамуына ықпал етеді. Мемлекеттің қаржы саясаты бірінші кезекте нақты сектордың өркендеуіне бағытталғаны дұрыс. Бұл салада мемлекеттік қолдаудың ауқымдылығын ескере отырып, есептеу мен қадағалаудың тиімділігін жолға қою қажет. Менің тапсырмам бойынша ауыл шаруашылығындағы статистиканы

ЖАҢА ЖОБА ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАР ҮШІН

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕН КӘСІПТІК ДАЙЫНДЫҚТЫ БІРІКПЕТІН ЭКСПЕРИМЕНТТІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ 2023 ЖЫЛДАН БАСТАП ЕНГІЗІЛДІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 25 ҚАРАШАДАҒЫ №478 БҰЙРЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН БҰЛ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА ОБЛЫС ОҚУШЫЛАРЫ МЕКТЕПТЕ НЕГІЗГІ БІЛІМ АЛЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, КОЛЛЕДЖ ҚАБЫРҒАСЫНДА ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫН ДА МЕНГЕРУГЕ МҮМКІНДІК АЛДЫ.



Эксперименттік білім беру бағдарламасы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының базасында жүзеге асырылуда және екі оқу жылын (2023-2024, 2024-2025) қамтиды. Бұл бағдарламаға мектеп оқушыларының негізгі біліммен қатар жұмысшы біліктіліктері бойынша да білім алуы көзделген. Бағдарлама бойынша білім алушылар өзі аптаның жұма және сенбі күндері колледжде оқуын жалғастырады. Осы мақсатта Ақтөбе қаласындағы №1 және №39 орта мектептері мен Ойыл қазақ орта мектебі экспериментке қатысуда.

2023-2024 оқу жылында Ойыл кәсіптік колледжінде «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының «Аспазшы» біліктілігі бойынша 15 білім алушы және «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығының «Жөндеуші-слесарь» біліктілігі бойынша 15 білім алушы қабылданды.

2024-2025 оқу жылында аталған мамандықтар бойынша білім алушылар саны 30-ға дейін артты.

Жалпы жаңа оқу жылында бағдарламаға 128 оқушы қабылданды. Олардың 58-і Ақтөбе автожол колледжінде, 40-ы Сервис колледжінде, ал қалған 30-ы Ойыл кәсіптік колледжінде оқуға түсті. Қазіргі уақытта 199 оқушы техник-механик, тігінші, ауыл шаруашылығын механикаландыру және аспазшы мамандықтары бойынша білім алып жатыр.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – мектеп оқушыларының білімі мен тәжірибесін кеңейтіп, олардың еңбек нарығында сұранысқа ие болуына мүмкіндік беру. Еңбек нарығындағы кадр тапшылығын азай-

туға бағытталған бұл бағдарлама, әсіресе ауылдық аймақтарда жұмысшы кадрларға деген сұранысты қанағаттандыруға көмектеседі.

Оқушылар оқуын аяқтаған соң, мамандықтарына сай диплом алып шығады. Алғашқы түлектер 2025 жылдың қаңтар айында өз дипломдарын қолдарына алады деп күтілуде. Осылайша, мектеп түлектері оқуын аяқтап, жұмысшы мамандықтары бойынша дайын маман ретінде еңбек нарығына жолдама алады.

Осы эксперименттік білім беру бағдарламасы облыс жастарын еңбекке баулуда маңызды рөл атқарып отыр. Оқушы-



лар кәсіптік білім алуының арқасында еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман болуға дайындалуда. Сонымен қатар, бұл тәжірибе олардың өз болашағына сенімділік сыйлайды.

Ақтөбе облысындағы бұл бағдарлама алдағы уақытта басқа да аймақтар үшін үлгі болары анық.

Мектеп пен кәсіптік дайындықты үйлестіре отырып, жастардың еңбекке, жауапкершілікке және кәсіби өсуге деген ынтасын арттыруға бағытталған.

Әділет ШАБАЙ, Ойыл селосы.



«АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІНЕ АЙНАЛУҒА ТИІС»

бұрмалау, жалған құжат толтыру, көзбояушылық фактілерін түп-тамырымен жою жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осының нәтижесінде біз саланың нақты жағдайын бағамдай аламыз, экономикалық шығынға соқтыратын тиімсіз шешім қабылдамаймыз. Үкімет субсидия берудің ашықтығын толық қамтамасыз етіп, саланы нарықтық әдіс-тәсілдер арқылы нығайтуды қолға алуы қажет. Бұл салада стратегиялық тұрғыдан сенімді әрі мұқият ойластырылған мемлекеттік реттеу тетіктеріне көшу маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Екінші бағыт – агроөнеркәсіп кешенінің индустрияландыруды белсенді түрде жалғастыру. Бұл ретте Мемлекет басшысы былтырғы Жолдауында үш жылдың ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі қайта өңделген өнімнің үлесін 70 пайызға дейін арттыру міндетін қойғанын, негізгі азық-түлік тауарларын бойынша импортқа тәуелділікті азайтуға бағытталған бірқатар жоба жүзеге асырыла бастағанын мәлімдеді. Атап айтқанда, таяу жылдары сүт өндіру көлемін 600 мың тоннаға көбейтуге мүмкіндік беретін 116 заманауи тауарлы сүт фермасы салынады. Жалпы қуаты жылына 220 мың тонна сүт өндіретін 29 фабриканы, сондай-ақ қуаты жылына 850 млн жұмыртқа өндіретін 11 құс фабрикасын пайдалануға беру көзделген. 100 мыңға жуық ірі қараға арналған 6 бордақылау алаңын, сондай-ақ, 50 мың бас уақ малға арналған бордақылау кешенін іске қосу жоспарланып отыр. Сонымен қатар Үкімет алғашқы мамандандырылған биржа ашуды қолға алды. Бұл кешенде мал саудасының заманауи ережелері сақталып, фермерлер мен тұтынушылар арасында басы артық делдалдар болмайды.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТІН ТЕТІКТЕР
Үшінші – ауыл шаруашылығы ғылымын өркендету. Президент атап өткен бұл бағыттың маңызы зор. Қазір жаһандық азық-түлік нарығында бәсеке күшейіп келеді. Оған төтеп беру үшін ғылымды дамытуға баса мән беру керек.

Соның ішінде тұқым шаруашылығын жандандыру – стратегиялық міндеттің бірі.

– Картоп пен қант қызылшасы бойынша отандық тұқымның үлесі 10 пайызға да жетпейді. Осындай мәселелерді шұғыл шешу қажет. Быыл дәнді дақылдар селекциясы мен тұқым шаруашылығын дамыту туралы кешенді жоспар қабылданды. Нақты міндеттер қойылды. Үкіметке диқандарды елімізде өндірілген тұқыммен қамтамасыз етуді тапсырамын. Бұл көрсеткішті 2028 жылы 80 пайызға жеткізу қажет. Ал жоғары сапалы (яғни элиталық) тұқымның үлесі кемінде 15 пайыз болуы керек. Ол үшін шетелдің озық тәжірибесін зерттеген жөн. Мен жақында француз кәсіпкерлерін осы саладағы инвестициялық жобаларды бірге жүзеге асыруға шақырдым, – деді Мемлекет басшысы.

ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ИНСТИТУТЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев жылқы тұқымын сақтау, санымен қатар сапасын да арттыру мәселелерін қозғады. Осы орайда ол жуырда Моңғолияға жасаған мемлекеттік сапарында сол елдің басшысымен екі көшпенді халықтың ұрпағы ретінде жылқы туралы әңгімелескенін, моңғол жылқылары аласа болғанымен, өте төзімді әрі ұзаққа шабатынын айта кетті.

– Біз – «Тегіміз – түркі, түлігіміз – жылқы» деп, арғымақты айрықша қадірлеген еліміз. Тұтас тарихымыз тұлпардың тұяғымен жазылған. Жалпы, қазақтың мінер көлігі де, ішер асы да жылқымен тығыз байланысты. Саумал мен қымыздың сан түрлі дертке шипа екені баршаға мәлім. Қазір елімізде жылқы саны үздіксіз өсіп келеді. Бұл – жақсы үрдіс. Дегенмен асыл тұқымды жылқының үлесі бір пайызға да жетпейді, яғни 4,2 млн жылқының 40 мыңы ғана – асыл тұқымды. Сондықтан мал тұқымын асылдандыру жұмысына баса мән берген жөн. Қазақстанда жылқының бірнеше түрі бар. Оның ішінде қазақпен бірге жасап келе жатқан жабының орны ерекше. Кейін оған Қостанай, Көшім және Мұғалжар тұқымдары қосылды. Әрқайсысының өз ерекшелігі бар. Мен бұған дейін Адай жылқысы Маңғыстау-

дың баға жетпес қазынасы екенін айттым. Оны әлемге таныту үшін нақты шаралар қабылдауды тапсырдым. Қазір Адай жылқысы ресми түрде бөлек тұқым ретінде тіркелді. Бұл арғымақтар Ұлы дала жорығында, басқа да аламан бәйгелерде топ жарып жүр. Қостанай жылқысы да мықты екені белгілі, алайда жоғалып кетудің аз-ақ алдында тұр (небәрі 280 бас қалды). Сондықтан жылқының санымен қатар, сапасын арттыру – маңызды міндет. Биыл қазақ жылқысының тұқымын сақтау және көбейту үшін арнайы заң қабылдадық. Енді бұл бағытта тағы бір маңызды қадам жасаймыз. Мен Үкіметке Жылқы шаруашылығы институтын құруды тапсырамын. Білікті мамандар мұны көптен бері айтып жүр. Құзырлы органдар қысқа мерзім ішінде осы мәселені пысықтап, қаржы көздерін нақтылауы керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы мән берген төртінші бағыт – ауыл шаруашылығына жаңа технологияларды белсенді түрде енгізу. Осы орайда ол алдымен минералды тыңайтқыштар мәселесіне тоқталды. Бұл – отандық агроөнеркәсіп секторындағы өзекті мәселе. Биыл егіс алқаптарына бұрынғыдан екі есе көп тыңайтқыш себілді. Бұл – ғылыми тұрғыдан қажет тыңайтқыштың 41 пайызы деген сөз. Жалпы жұмыс қарқыны жаман емес. Бірақ біз агротехнологиясы дамыған озық елдердің деңгейіне ұмтылуымыз қажет. Сондықтан импортқа тәуелді болуды азайту керек. Өзімізде шығарылатын тыңайтқыштар ауыл шаруашылығын толық қамтамасыз етпейді, сұраныстың жартысын ғана өтейді.

Қазір елімізде құны 4 млрд доллар болатын ауқымды инвестициялық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Соның арқасында 7 млн тонна минералды тыңайтқыш өндірілмек. Осылайша ішкі нарықты толық қамтамасыз етеміз, ал артық экспортқа шығаруға мүмкіндік туады. Бұған қоса органикалық тыңайтқыш өндірісін дамыту маңызды. Халықаралық тәжірибеге қарасақ, қойдың жүнін суармалы жерге тыңайтқыш ретінде тиімді пайдалануға болады.

– Агроөнеркәсіп кешенінен одан әрі цифрландыру мен автоматтандыру мәселесі ұдайы назарда болуға тиіс. Бұл бағытта қазірдің өзінде жақсы нәтижелер бар. Кейінгі бес жылда еліміздегі цифрлы фермерлік шаруашылықтар саны алты есеге жуық өсіп, бүгінде 200-ден асты. Бұл – шын мәніндегі болашақтың кәсіпорындары. Онда озық технологиялар жаппай енгізіледі. Бірақ бұған тоқмейілсуге болмайды.

Аталған саладағы қызметтер мен үдерістерді толығымен электронды форматқа көшіруді жеделдету қажет. Субсидия алу мен жеңілдіктерді пайдалану алгоритмдері фермерлерге барынша қарапайым және түсінікті болуы керек. Бұл туралы ақпараттардың формалары мен мазмұны барынша қолжетімді болғаны жөн. Жасанды интеллект пен «үлкен деректерді» пайдалану арқылы ғана өндірістің барлық кезеңінде дәл есептеу, бақылау мен болжау мүмкін болмақ, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бесінші – ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігі маңызды. Бұл бағытта Президент ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейін жылына 8-10 пайызға дейін жеткізу жөнінде міндет қойғанын, осы мақсатқа 120 млрд теңге бөлініп, отандық ауыл шаруашылығы техникалары жылына 5 пайызбен жеңілдетілген лизингке беру бағдарламасы басталғанын атап өтті. Оның айтуынша, Қазақстанда 8 ірі бірлескен кәсіпорын, соның ішінде «Клаас» неміс концерні мен ресейлік «Ростсельмаш» компаниясы табысты жұмыс жасап жатыр. Быыл шамамен 160 млрд теңгеге жуық қаржыға 4,5 мыңнан аса трактор мен астық жинайтын 815 комбайн (оның 107-сі «Клаас» компаниясына тиесілі) шығарылды. Үкімет еңбек өнімділігін арттыруға, импортталатын қосалқы бөлшектерді локализациялап, ұсақ бөлшектерден құрастырылатын өндірісті қолдау және тұрақты жұмыс орындарын ашуға баса мән беруді керек.

Алтыншы бағыт – ауыл шаруашылығының экспорттық әлеуетін күшейту. Осы орайда Мемлекет басшысы көлік-логистика мүмкіндіктерінің шектеулі болуы

кедергі келтіретінін айтты. Мысалы, еліміздегі логистика мен сақтау жүйелерінің жеткілікті болмауынан ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер зор шығынға ұшырап отыр. Сондықтан сақтау инфрақұрылымын, соның ішінде элеваторлар, көкөніс және жеміс-жидек сақтау қоймаларын дамыту маңызды бағыт болуға тиіс. Сыйымдылығы 700 мың тонна болатын қоймалар салу мен жаңғыртудың кешенді жоспары қабылданды. Бұл жұмысты ұдайы бақылауда ұстау керек. Еліміз дәстүрлі өткізу нарықтары сақтап қана қоймай, түрлі елдердің талаптарына бейімделген икемді жеткізу жүйесін құра отырып, экспортты өртарапандыруы тиіс.

– *Өзбекстан, Әзербайжан, Түркиямен, Қырғызстан және Ауғанстанға жолдары түрде астық тасымалдау жұмысы басталды. Иран нарығына кіруге рұқсат алып, 250 мың тонна арпа жөнелтті. Сондай-ақ Таяуға, Еуропа одағы елдеріне және Солтүстік Африкаға астық жеткізіледі. Тәжікстан тасымалдауды арттыру үшін Құрық портында жаңа астық терминалы іске қосылды. Жаңа нарықтардың азық-түлікке сұраныс көлемі ұлғайып келе жатқанын ескерсек, Солтүстік және Оңтүстік және Транскаспий бағыты сияқты халықаралық дәліздердің рөлі арта түседі. Қазақстанды Еурразияның негізгі көлік-логистикалық орталығы ретінде құру жөніндегі стратегиялық міндет – менің кейінгі жылдардағы халықаралық деңгейде жүргізіп жатқан келіссөздерімнің басты тақырыбына айналды.*

Бұл мәселеде аталған дәліздерге ыңғайлы жол табу және ішкі логистиканы жақсарту өте маңызды. Сондықтан алдағы алты жылда (2030 жылға дейін) біз теміржол желісін ауқымды түрде жаңғыртуды көздеп отырмыз. Он бір мың шақырым темір жолды жөнделт, бес мың шақырымнан астам жаңа теміржол салу жоспарлануда. Қазірдің өзінде «Дарбаза – Мақтаарал», «Достық – Мойынты», «Бақты – Аягөз» және «Алматы қаласының айналма жолы» сияқты ірі жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл Орталық Азия мен Қытай бағытындағы жүк тасымалының артуына жол ашады. Автокөлік жолдарының желісін дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Мәселен, жыл соңына дейін «Астана – Балқаш – Алматы», «Талдықорған – Өскемен», «Ақтөбе – Қандыағаш» және «Атырау – Астрахань» автомобиль жолдарының құрылысы аяқталады, – деді Президент.

Жалпы, биыл Қазақстанның экспортқа 12 млн тонна астық шығаруға мүмкіндігі бар. Бұл – өте көп өнім және зор жауапкершілік. Диқандардың өнімін сыртқы нарыққа шығаруға жан-жақты қолдау көрсету – Үкіметтің басты міндеті. Экспорттық әлеуетімізді арттыра түсу үшін әлемдік нарықта сұранысқа ие бағалы дақылдарды көбірек өсіру қажет. Сонымен қатар ішкі нарыққа өткізудің ұтымды жолдарын барынша пайдалану керек. Алматы, Астана, Шымкент қалаларымен іргелес аймақтардағы диқандардың мол мүмкіндігі бар. Осы орайда Ақмола облысын үлгі ретінде айтуға болады. Бұл аймақ өндірісінде «азық-түлік белдеуі» деген атақ лайық екенін дәлелдеді. Биыл облыстың ауыл шаруашылығындағы жалпы өнімі екі есе өскен. Бұл – өте жақсы нәтиже. Сондықтан ауқымды ішкі нарығы бар қалалармен шектесетін басқа да аймақтар осы бағытта белсенді жұмыс істеуі керек.

Қазақстанда сан түрлі азық-түлік өнімі шығарылады. Жұрт өз өнімдерімізді көбірек сатып алу үшін оны елге танытып, кеңінен насихаттау керек.

ҚАЗАҚТЫ САҚТАУ ҮШІН АУЫЛДЫ САҚТАУЫМЫЗ КЕРЕК

– Халқымыздың 40 пайызы ауылда тұратынын білесіздер. Агроөнеркәсіп кешені бүкіл елдің, әсіресе ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Сол себепті мен ауылды өркендету ісіне айрықша мән беремін. Бұған сайлау алдындағы тұғырнамда ерекше назар аудардым. Президент сайлауынан кейін алғашқы Жарлығым ауылды дамытуға арналды. Менің тапсырмаммен Үкімет бес жылды қамтитын тұжырымдама қабылдады. «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы

әзірленіп, жүзеге асырылып жатыр. Қазірдің өзінде нақты нәтиже бар. Биыл 200-ге жуық ауылға су құбырын тарту үшін қаржы бөлінді. Жыл соңына дейін ауыл халқының 95 пайыздан астамы таза сумен қамтамасыз етіледі. Ауылдағы денсаулық сақтау жүйесін жаңғырту үшін арнайы жоба қолға алынды. Бүгінге дейін 140-тан аса нысан салынды. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында биыл 13 ауыл мектебі пайдалануға берілді. Кейінгі бес жылда жергілікті маңызы бар 38 мың шақырым жол жөнделді. Маңызды міндеттің бірі – ауыл халқының табысын арттыру. «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несиелер беріле бастады. Соның нәтижесінде ауылда 16 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Осындай ауқымды жұмыс жалғасын табады. Себебі ауылды көркейту – стратегиялық міндет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда Президент бұрын жабылып қалған кейбір аудандар былтыр өз тапсырмасынан қайта құрылғанын, бұл, әсіресе шеткөп орналасқан елді мекендерге серпін беретін қадам, «Қуатты аймақтар – қуатты ел» деген сөз екенін айтып, баршаға үндеу ата-тасты.

– Ауыл – бәріміздің алтын бесігіміз. Қалада туып, өмір бойы қалада тұрған қазақтың да тамыры – ауылда. Халқымыздың салт-дәстүрі, тілі мен ділі, бәрі де ауылда сақталған. Жаһандану дәуірінде қазақты сақтау үшін, ең алдымен, ауылды сақтауымыз керек.

Мен табысқа жеткен әр адам туған жеріне қамқор болуы қажет деп үнемі айтып жүрмін. Бүгін ортамызда «Қазақстанның Еңбек Ері» Иван Адамович Сауэр отыр. Ол жетекшілік ететін «Родина» агрофирмасы ауыл шаруашылығында бизнесті оңтайлы жүргізудің жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Бұл – Астананы азық-түлікпен қамтамасыз етуге және облыс экономикасының дамуына зор үлес қосып қана қоймай, өзінің қызметкерлері мен ауыл тұрғындарының қамын ойлайтын озық кәсіпорны.

Сыр бойындағы Нағи Илиясов және Таң, Арқадағы Шахтерское, Қызылжар өңіріндегі Новониколаевское ауылдары да көпке үлгі. Әр аймақта осындай гүлденген елді мекендер бар. Бірақ ауылдан шыққан мықты кәсіпкерлер одан әлдеқайда көп. Мен іскер азаматтарды ауыл-аймақты көркейтуге шақырамын. Адал еңбекпен табысқа жеткен азамат ауылын дамытуға үлес қосқаны жөн деп ойлаймын. Бұл біз үнемі айтатын отаншылық, елге жанышылық қасиеттердің нақты көрінісі бола-рықсыз, – деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының айтуынша, «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы да осындай құндылықтарға негізделген. Жоба аясында елді мекендеріміз тазарып, жаңаша келбетке ие бола бастады. Қоршаған ортаға қамқорлық қоғамдық мәдениеттің арқауына айналды. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды. Президент тапсырмасымен Үкімет арнайы тұжырымдама қабылдады. Басты мақсат – халықтың экологиялық мәдениетін одан әрі арттыру.

– Еңбекқорлық пен жауапкершілік ұлттымыздың бірегей болмысына айналуға тиіс. Бүгінде әлеуметтік желілерде әдемі өмір сүру мен оңай олжа табу туралы жарнамалар көбейіп кетті. Бұл халықтың санасына барлық жетістікке қиыналмай қол жеткізуге болады деген бос қиялды сіңірді. Жастардың белгілі бір бөлігі соған сеніп, алтын уақыттарын босқа сарп етеді. Кез келген жетістікке тынымсыз еңбек қана жеткізетіні даусыз. Бұрынғылар «Еңбек бәрін жеңбек» деп бекер айтпаған. Еліміздегі әр азаматтың адал әрі жауапты еңбек арқылы табысқа жеткенін қалаймын. Бұл – азаматарымыздың өмірлік мақсатына айналуға тиіс. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» қағидасын мәні де осында жатыр. Мен жастарға сенетіндімізді үнемі айтып келемін. Ауыл шаруашылығы жастардың өзін танытуына мол мүмкіндік береді деп ойлаймын. Ауылға маман тартудың қаншалықты қиын екенін жақсы білетін шаруашылық басшылары бұл іске ерекше мұдделі. Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы

саласына мамандар даярлауға үлкен көңіл бөлініп келеді. Соңғы жылдары елімізде жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары ашылып жатыр. Оның төртеуі агроном, мелиоратор, биотехнолог және эколог сияқты ауыл шаруашылығы саласында сұранысқа ие мамандарды халықаралық бағдарламалар бойынша даярлайды. Жалпы, мемлекет пен бизнес ауылдағы барлық мәселені бірлесіп шешуі керек.

Агроөнеркәсіппен айналысу үшін ауылға келген жас кәсіпкерлерді бағалаймын. Мемлекет те сіздердің еңбектеріңізді ұмыт қалдырмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өз Жолдауында Үкімет пен барлық мемлекеттік органдар отандық бизнеске, шетелдік инвесторларға жол ашуы керек екенін тапсырғанын, ауыл тұрғындарына қолұшын созып, олардың тұрмыс жағдайын жақсартуға атсалысатын кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары мемлекеттің көмегіне жүгіне алатынын атап өтті.

Оның айтуынша, Үкімет пен әкімдер жерді табыс көзіне айналдырып, ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге атүсті қарайтындарға тосқауыл қоюға тиіс. Жауапкершілігі мол кәсіпкерлер мен инвесторлар ғана елдегі оң өзгерістердің нағыз көшбасшысы бола алады. Осы орайда Мемлекет басшысы мемлекет пен агробизнес арасындағы байланысты жақсарту үшін бұл форумды жыл сайын өткізуді ұсынды.

КҮН ТӨРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕР КЕШКІРІЛМЕЙ ШЕШІЛУІ ҚАЖЕТ

Осыдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев орайлы сәтті пайдалана отырып, күн төртбіндегі өзекті мәселелерге қатысты ойын жеткізді. Бұл қатарда мектеп асханаларындағы тамақ сапасы, Маңғыстау облысында балалардың астан уланғаны сияқты жағдайлардың қайталануына жол бермеу, санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың сақталуын қатаң бақылау мәселесі сөз болды. Мұның шешімі ретінде балаларды тамақтандырудың халықаралық стандарттарына ұмтылу, мектептерде дұрыс тамақтандыру мәдениетін қалыптастыру үшін агроөнеркәсіп кешенінің білім беру орындарының серіктесіне айналыр қаруында ауылды.

– Жылыту маусымын мінсіз өткізу – өзекті мәселелердің бірі. Бұл менің ерекше бақылауымда. Саран қаласы ауа райының суытуына дайын болмай шықты. Мұндағы үйлер жақында ғана жылу жүйесіне қосылған еді. Кемшілікке жол берген жауапты тұлғалар тиісті жазасын алды. Бұл барлық әкімге сабақ болуы керек. Жылыту маусымына дайын болмау басшылардың өз қызметіне сай келмейтінін көрсетеді. Дегенмен биыл ел аумағында энергия көздері мен жылумен жабдықтау желілерін жөндеу бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Қоймалардағы отын қоры жеткілікті. Бірақ қамсыз отыруға болмайды.

Жағдайды ұдайы бақылауда ұстау керек. Мемлекеттік басқару жүйесінің алдында қазір нақты міндеттер мен едәуір сын-қатер тұр. Оқыс оқиғаларға дер кезінде үн қату, жағдайды ұшықтырмау, дәл болжам жасау, қоғамның талап-тілегіне құлақ асу маңызды. Барлық мемлекеттік орган, коммуналдық және басқа да қызметтер үйлесімді әрекет етуі керек. Алайда күнделікті шаруамен айналысып жүріп, стратегиялық мақсаттарды ұмыт қалдырмау қажет. Алға қарай ұмтылып, кең ауқымды перспективаны бағыт еткеніміз жөн. Проблеманың уақытына шешімін іздемей, оның түпкі себептерін жоюымыз қажет, – деді Президент.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы бюджет саясатында прагматизм қағидаты басты орында болуы керек екенін, бірақ әлеуметтік шығындардан, бюджеттік мекеме қызметкерлерінің жалақысынан, зейнетақы мен жәрдемақандан үнемдеуге болмайтын мөлімдеді. Оның айтуынша, азаматтардың әл-ауқатын арттыру жөніндегі басым міндетті ұдайы назарда ұстаған дұрыс. Зейнетақы жүйесінің әлеуетін арттырудың, оны жетілдірудің тәсілдерін табу керек. Дені сау, қажыр-қайраты мол зейнеткерлердің ел дамуына қосып жүрген үлесін өмірландіру маңызды. Орташа аял сүру жасын біртіндеп ұлғайту

– мемлекеттің әлеуметтік саясатының басты жетістіктерінің бірі. Бұл көрсеткіш қазірдің өзінде 75 жастан асты.

Бұған қоса Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда мемлекеттік қызметкерлерге сыйақы беруге тыйым салынатыны туралы мәселенің қызу талқыланғанына мән берді. – Қаржы министрігі оған тыйым салуға негіз жоқ екенін түсіндіріп берді. Мемлекеттік қызметшілер – елдегі жүйелі өзгерістердің басты жолбасшылары. Олардың табысы айтарлықтай көп емес. Кей кездері түнімен жұмыста отырады. Мемлекеттік қызметшілердің де отбасы мен міндеті, қала берді қарапайым адам ретіндегі қалауы мен жоспары бар.

Мемлекеттік органдардың тиімділігін арттыру үшін қатардағы қызметкерлердің еңбекақысы бәсекеге қабілетті болуы керек деп ойлаймын. Сыйақы аталған мәселені шешуге мүмкіндік береді. Басқа жолмен мемлекеттік қызметке білікті мамандарды тартып, кадр тұрақсыздығы проблемасын шешу қиын, – деді ол. Президент өз сөзінде Үкімет азаматтарға әлеуметтік көмек беру жүйесін қайта қарауы керек екенін айтты. Мемлекеттен берілетін атаулы әлеуметтік көмекті шын мәнінде мұқтаж азаматтар алуға тиіс. Алайда кейбір ауылдық жерде бір отбасыдан бірнеше адам атаулы әлеуметтік көмек алатын жағдайлар жиі кездеседі. Өкінішке қарай, ондай азаматтардың жұмыс істеп, еңбек етуге де құлықсыз. Себебі мемлекеттен түсетін жәрдеме сенеді. Бұл, әрине, дұрыс емес. Түптеп келгенде, мұндай әрекет әлеуметтік масылдықты туғызып отыр.

– Біз Әділетті Қазақстанды құру жолында нақты қадамдар жасап жатырмыз.

Барлық саладағы жұмыстың ашық болуына көңіл бөліп отырмыз. Осы орайда азаматтарымыздың табысын жаппай декларациялаудың мән-маңызы зор. Бұл талап 2021 жылдан бері біртіндеп енгізіліп жатыр. Алғашқы үш кезеңде 4 миллионнан аса адам декларация тапсырды. Олардың қатарында мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектордағы басшылар, кәсіпкерлер және осы санатқа кіретін азаматтардың жұбайлары бар. Келесі жылы тағы 8 миллионға жуық адам декларация тапсырады деп жоспарланып отыр. Алайда бір мәселені ескеру қажет. Жаппай декларация тапсыру тұжырымдамасы осыдан 14 жыл бұрын қабылданған. Содан бері елімізде цифрландыру ісі және финтех саласы қарқынды дамып келе жатыр. Түрлі мемлекеттік мекемелерге орталық мәліметтер базасы пайда болды. Қаржы және салық бақылауы күшейді. Демек, осындай ауқымды өзгерістерден кейін төртінші, яғни соңғы кезеңде азаматтардың декларация тапсыруға міндеттеу қаншалықты орынды деген сұрақ туады. Үкімет бұл мәселені жан-жақты пысықтауы қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент реформалар тоқтап қалмайтынын нақты айтып, соған сай жаңа бастамаларды жүзеге асатынын, мұны келесі жылы халыққа ұсынатынын, кейбір бастаманы әдеттегідей Ұлттық құрылтайда жариялайтынын атап өтті. Осы орайда Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысы Бұрабайда өтетіні хабарланды.

МАҢДАЙ ТЕР МЕН ҚАЖЫР-ЛЫ ҚЫЗМЕТТІГІ ЖЕМІСІ

– Мен Жолдауда жұмысы мамандық иелеріне, өнертапқыштар мен ғалымдарға құрметті атақ беруді ұсындым. Мемлекеттік марапаттар жүйесін 9 құрметті атақпен толықтыру жоспарланып отыр. Соның ішінде «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» атағы бар. Бұл – елімізді өркендетуге өлшеусіз үлес қосқан ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне шынайы құрметтің белгісі. Қазір депутаттар тиісті заңдарға өзгеріс енгізу мәселесін қарастырып жатыр. Келесі жыл – Жұмысшы мамандықтары жылы. Жыл бойы біз нағыз еңбек адамдарын жоғары деңгейде ұлықтаймыз. Бұл қоғамда еңбекқорлық пен кәсіби құндылықтарды дәріптеу жылы болмақ. Жақында мен Ақордада өткен мемлекеттік марапаттар тапсыру рәсіміне түрлі еңбек әулеттерінің өкілдерін шақырдым. Білім мен тәжірибенің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын жайында көптеп мысал келтіру-

«АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІНЕ АЙНАЛУҒА ТИІС»

ге болады. Мұндай сабақтастық шын мәнінде өз ісіне берілген кәсіби мамандарды қалыптастырады. Ауыл шаруашылығы саласында да үлгі тұтатын еңбек әулеттері жетерлік.

Несібесін қара жерден айырып отырған ауыл тұрғындары отбасы құндылықтарын ерекше сақтайды. Үлкендердің айтқанына құлақ асып, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарайды. Мықты фермерлік шаруашылық, әдетте бірнеше ұрпақтың еңбегі арқылы құрылады. Бұл салада табысқа тез жету қиын. Бірақ шаруалар қажырлы еңбек пен тәжірибе қайтарымы болатынын жақсы біледі. Оның жарқын мысалы – Зенченко әулеті.

Қазақстанның Еңбек Ері Геннадий Иванович Зенченко өткен ғасырдың тоқсаншы жылдары Новоникольское ауылындағы фермерлік шаруашылықты сақтап, тіршілігіне қан жүгіртті. Бүгінде бұл – 20 кәсіпорыннан тұратын әрі мыңнан астам адамды жұмыспен қамтитын ірі компания.

Ел арасында Зенченко десе, еңбеккерлік пен сапалы өнім еске түседі. Компания әлеуметтік жоқ балаларды қаржыландырып, ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне қолайлы жағдай жасап отыр. Жауапкершілігі мол бизнес дегеніміз – осы.

Геннадий Ивановичтің ісін ұрпағы абыроймен жалғастырып келеді. Мен осы еңбек династиясының ұзақ жылғы еңбегін ескеріп, компания директоры Геннадий Геннадьевич Зенченконың жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі «Қазақстанның Еңбек Ері» атағымен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Сондай-ақ бүгін Жамбыл облысындағы шаруа қожалығының сауыншысы Бақтыгүл Дүйсебекова және Абай облысындағы серіктестіктің шопаны Рымхан Сыдықов үшінші дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен наградалады. Атырау облысы Құрманғазы атындағы өндірістік кооперативтің түйешісі Берік Салауов та осы марапатқа лайық деп танылды. Қостанайлық мал дәрігері Валерий Козлович «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталады. Мемлекеттік награда алған азаматтардың қатарында зоотехник, шопан, технолог, комбайншы сияқты мамандар бар.

Жалпы, Қазақстан бойынша 100-ден аса адам марапатталатын болды. Міне, осындай нағыз еңбек адамдары жастарға үлгі-өнеге болуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Аталған форумда Президент Жарлығымен Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні қарсаңында елдің агроөнеркәсіп кешеніндегі жемісті еңбегі, отандық ауылшаруашылық инфрақұрылымның дамуына қосқан үлесі үшін бір топ сала өкілдеріне мемлекеттік наградалар табысталды.

Атап айтқанда, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы мен «Отан» ордені (Зенченко және К) серіктестігінің бас директоры Геннадий Геннадьевич Зенченкоға берілді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласының бір топ еңбеккері ІІ және ІІІ дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет», ІІІ дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордендерімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

САЛА МҮМКІНДІГІ – САРАПШЫЛАР КӨЗІМЕН

Сонымен қатар іс-шарада Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, «Қайып ата» ЖШС директоры Сырым Ертаев, «Зенченко және К» КС директоры Геннадий Зенченко, Alargo Holding бас директоры Үміт Нури Йылдыз, «Aitas KZ компаниялар тобы» АҚ вице-президенті Рабиға Тоқсейітова сөз сөйледі.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров форумда егіс науқанының қорытындысына тоқталды. «Көрсетілген қолдау арқылы,

биыл еліміз рекордтық 26,7 млн. тонна астық жинады. 560 мың тоннадан аса күріш, 290 мың тоннадан астам мақта, 2,9 млн тонна картоп, 3,9 млн тонна көкөніс және 3,2 млн тонна майлы дақыл жиналды. Бұл – ішкі нарық қажеттілігін жабуға және экспорттық әлеуетті көтеруге мүмкіндік берді», деді министр.

Оның айтуынша, саладағы орташа дақыл өнімділігінің жоғары болуы мемлекет пен бизнестің бірлескен жұмысының арқасында жүзеге асты. «Агротехнология сақтаған шаруашылықтарда өнімділік гектарына 20 центнерден 40 центнерге дейін жетті. Ал агротехнологияларды ұстанбаған көрші шаруашылықтарда бұл көрсеткіш гектарына 6 центнерден аспады. Бұл айырмашылық агросекторды одан әрі жаңғыртудың және бүкіл ел бойынша өндіріс жағдайларын теңестірудің маңыздылығын көрсетеді», деді ол.

Сондай-ақ А.Сапаров агроөнеркәсіп кешеніндегі несие саясатының қай бағытта өзгеріп жатқанын айтты. «Жылдар бойы салада жаңа технологияларды кеңінен енгізуге жеңілдетілген қаржыландыру тетіктерінің аздығы кедергі болды. Арзан несие қаржының тапшылығы ауыл шаруашылығы өнімдерінің қымбаттауына алып келді. Шектеулі бюджеттік қаржыландыру ерқашан фермерлердің аяғына тұсау болды. Биыл саланы қаржыландыру тәсілдері толығымен қайта қаралды. Коммерциялық және бюджет қаражатын біріктіру есебінен егіс жұмыстарын қаржыландыру көлемі 3 еседен астам ұлғайтылды. Сондай-ақ Үкімет қолдауымен несиелеу арналарын кеңейтуге жол ашылды.

Келірге қоятын активі жоқ шаруаларға мемлекет есебінен қарыз сомасының 85 пайызына дейін кепілдік енгізілді. Қаражат 5 пайыздық таза мөлшерлемемен беріліп жатқанын атап өту керек. Осылайша, біз агробизнес субсидияларына өтім беруудің ауыртпалығын жойдық. Өйткені арзан-дағылған несиеге жол ашылып отыр. Осының арқасында жеңілдетілген қаржы қаражатының 89 пайызы шағын және орта агробизнеске бағытталды», деді сала басшысы.

Оның айтуынша, бірқатар шетелге ауыл шаруашылығы өнімін экспорттық тасымалдауға субсидиялар беру қағидасы енгізіледі. Техниканы жаңарту қарқынын жылына 8-10 пайызға дейін арттыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Биыл фермерлер 22 мың техника сатып алған. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 12 пайызға көп.

«Кредиторлардың тікелей субсидиялауынан басқа, өзге субсидияларға қатысты да осындай шаралар қабылданды. Қаражат бірден лизинг операторларына, тыңайтқыш өндіруші зауыттарға, суды жеткізушілерге беріледі. Фермерлер тауар мен қызметтерді арзан бағамен алады. Мұндай шаралар субсидиялаудың ашықтығын арттырады және сыйбалас жемқорлықты азайтады. Бәсекелестік жоғары болып тұрған қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер тәжірибесін жасау керек. Бірінші кезекте, біз фермерлерден өнімнің өзіндік құнын төмендетуді, сондай-ақ егіс алқаптарын әртараптырау жөніндегі жұмысты күшейтуді күтеміз.

Бүгінгі нарықтық жағдайды ескере отырып, биылғы рекордтық өнімдімізді өткізіміз – басты міндет. Ол үшін бәсекеге қабілетті баға белгілеу маңызды. Қазіргі жағдайда Әзербайжан, Ауғанстан, Иран, Ирак, Солтүстік Африка және ЕО елдері бағыттары бойынша экспортқа ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдауға субсидиялар беру қағидалары мемлекеттік органдармен

келісіліп жатыр», деді А.Сапаров. «Ауыл» партиясының төрағасы, Парламент Мәжілісінің депутаты Серік Егізбаевтың айтуынша, ел тарихында алғаш рет өткен агрофорумға Президенттің қатысуы ауыл шаруашылығы саласына Мемлекет басшысының қаншалықты мән беретінін айғағы. «Саланың жыл қорытындысындағы көрсеткіші айтарлықтай. Күзгі жиын-терімде 26,7 млн астық жиналды. Егіс пен егін жинау жұмысына бөлінетін қаржы 3 есе артып, 580 млрд теңгені құраса, келер жылы бұл көлемді 700 млрд теңгеге дейін жеткізу жоспарланған. Енді мемлекет фермерлерге ауыл шаруашылығы циклінің барлық кезеңінде – дайындықтан бастап егін жинауға дейін қолдау көрсетеді. Бөлінген көлемнің алғашқы 100 млрд теңгесі осы жылдың желтоқсан айында фермерлерге қолжетімді болады. Аталған шешімді фермерлер қауымы зор ризашылықпен қабылдады. Шаруалар үшін және бір жағымды жағдай – келесі жылдан бастап көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына екінші деңгейлі банк несиелерінің сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудан бас тарту жоспарланып жатыр. Әрі қарай жеңілдікті несиелеуге көшу арқылы инвестициялық мақсаттарға пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялаудың қолданыстағы тетігінен кезең-кезеңімен бас тарту жоспарда бар. Бұл жыл сайынғы субсидия тапшылығы мәселесін шешеді. Жиынға қатысқан 2 мыңнан аса делегаттың ішінде ірі шаруадан бастап қарапайым механизмдерге дейін бар. Олардың ерқайсысы Президенттің тікелей тапсырмаларын тыңдап, саладағы мемлекеттік саясаттың бағытын бағамдап, ауыл-аймақтарына қанаттанып қайтары анық. Мақсат айқын, бағдар белгілі. Ендігі кезекте билік, қоғам, бизнес, шаруалар қауымы үйлесімді жұмыс атқара білсе игі», деді партия төрағасы.

Қазақстан фермерлер қауымдастығының төрағасы, Парламент Мәжілісінің депутаты Жигули Дайрабаевтың сөзінше, саладағы түйткілді мәселелердің көбі қаржыландыруға тіреліп тұр. «Фермерлер үшін ең өзекті мәселе – жеңілдетілген қаржыландыру мен субсидияға қол жеткізу. Бұл ретте несие беретін ұйымдардың жұмысына наразылық көп, қаржы институттары арқылы берілетін несиенің пайызы өте жоғары. Талдау бойынша, қазір фермерлер несие алу үшін қыруар құжат жинауға мәжбүр. Осы ретте Қазақстан фермерлер қауымдастығы фермерлерді қаржыландыру мәселесін шешетін «Агробанк» құруды ұсынды. Ондай банк құрылса, фермерлердің бары сол жерде есепшот ашып, сол банк арқылы жұмыс істер еді. Сол шоттардағы ақша айналымы есебінен банк кепілдік талаптары жөніндегі фермерлерге несие бере алады.

Сонымен қатар қайта өңдеу, оның ішінде терең өңдеу саласын дамыту, осы бағытта жұмыс істеймін деушілерге жағдай жасау қажет. Сондай-ақ геосаяси шиеленіс салдарынан болып отырған астық экспорттаудағы кедергілерді шұғыл шешу керек», деді депутат.

Форум аясында Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің көрмесін тамашалады. Көрмеде терең өңделген өнімдер, заманауи агротехнологиялар, инвестициялық, соның ішінде шетелдік инвесторлардың қатысуымен жүзеге асырылып жатқан жобалар ұсынылған. Президентке егін және мал шаруашылықтарындағы, басқа да маңызды бағыттардағы инновациялық шешімдер мен жетістіктер таныстырылды.

«Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ, «Егемен Қазақстан»

СКРИНИНГ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

СКРИНИНГ- БҰЛ АУРУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ ӨЛІ БОЛМАҒАН КЕЗДЕ ІСІКТІ ЕРТЕ САТЫСЫНДА АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАРАП-ТЕКСЕРУДІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ТЕКСЕРУ ӨДІСТЕРІН ҚАМТИТІН ІС-ШАРАЛАР КЕШЕНІ. ЕРТЕ САТЫСЫНДА АНЫҚТАЛҒАН ІСІК ТОЛЫҚ ЕМДЕЛУІ МҮМКІН.



Кейінгі кезеңдерде аурудың белгілері болған кезде және ісіктің таралу мүмкіндігі болған кезде ауруды емдеу күрделене түседі. Сондықтан ісікті ерте сағыларда, оның таралуына дейін анықтау және емдеу қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітімді төмендетудің ең тиімді жолы болып табылады. Көбінесе ісік әрдайым ерте кезеңдерде анықталмайды, өйткені аурудың ерте ағымы симптомсыз болады, науқас өзінің әл-ауызқатерлі ісікке күдік бар дегенді білдірмейді. Қазақстанда нақты аурулар бойынша және белгілі бір жас топтары үшін скринингтік бағдарламалар бар, олар халық үшін тегін.

Скрининг түрлері:
Сүт безі қатерлі ісігі - 40 жастан

70 жасқа дейінгі әйелдер. Жатыр мойны обыры - 30 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдер. Колоректальды скрининг - 50 жастан 70 жасқа дейінгі ерлер мен әйелдер. Скринингтен тіркелу орны бойынша емханадан тегін өтуге болады. Алдын алу, ерте диагноз қою, скрининг және емдеу қатерлі ісікпен сәтті күресудің негізгі компоненттері екенін түсіну керек. Қатерлі ісікті ерте анықтау өмірді құтқарады, емдеу шығындарын азайтады және пациенттердің өмір сүру сапасын сақтауға мүмкіндік береді.

Скрининг кезеңдері:
Дайындық кезеңі — емханада медбике жүргізеді және мыналарды қамтиды жүргізу: скринингтен өтетін адамдардың тізімін жасау;

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР EGON MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Енді қазақстандықтар eGov Mobile қосымшасы арқылы әскери қызмет туралы деректерді ала алады және жібере алады. Бұл «Цифрлық мәліметтер» сервистің жаңартылуы арқасында мүмкін болды. Енді пайдаланушылар өздерінің әскери қызметке шақырылу мәртебесі мен әскери қызметке шақыру туралы ақпаратты смартфоннан тікелей қарап, бөлісе алады. Жаңа функциялар деректерге қолжетімділікті одан әрі ыңғайлы және жеңіл етеді.

Қосымшаның жаңартылған нұсқасында өкі жаңа цифрлық мәліметтер қолжетімді:

1. Әскери қызметке шақыру туралы ақпарат – азаматтың шақыру мәртебесі, сондай-ақ шақыру мерзімі туралы толық деректер;
2. Әскери қызметке қатысуға қатысты мәліметтер – азаматтың әскери міндеттілік мәртебесі туралы өзекті ақпарат.

Азамат өз мәліметтерін ЖСН, компанияның БСН-і немесе мобильді азаматтар базасына тіркелген телефон нөмірі арқылы өз бетінше жібере алады.

Сонымен қатар, деректерді жұмыс берушінің тікелей сұрауы салуы бойынша да жіберуге болады — ол үшін жұмыс беруші ЖСН немесе телефон нөмірі арқылы сұрау салу жібереді. Содан кейін пайдаланушы хабарлама алады және сұрау салуды растайды немесе оны кері қайтарады.

Деректерді eGov Mobile қосымшасына тікелей сілтеме арқылы мессенджерлер немесе пошта арқылы жіберуге болатынын атап өтеміз.

Сервисті пайдалану үшін:
- eGov Mobile қосымшасында авторизацияланып, «Мәліметтер» бөліміне өту;
- «Тарих» бөлімінде мәліметтерге қол жетімділік беруге келген

оларды скринингтен өту қажеттілігі мен шарттары туралы хабарлар өту;
халықты зерттеуге шақыру; халықтың скринингтен уақтылы өтуін бақылау.

Тексеру кезеңі-бұл учаскелік дәрігердің, бейінді мамандардың, медикелердің қабылдауы, сондай-ақ скрининг туралы байланысты зертханалық және диагностикалық зерттеулер.

Қорытынды кезең-толық тексеруді және анықталған патологиясы бар адамдарды динамикалық бақылауға қоюды қамтиды. Скринингтердің нәтижелері медициналық ақпараттық жүйеге енгізіледі, ал пациент толық тексеру және бақылау бойынша ұсынымдар алады.

Қарап-тексеру барысында анықталған созылмалы аурулары бар адамдар есепке қойылады және динамикалық бақылауда болады. Жіті аурулар анықталған кезде тексеру жүргізіледі, толық сауыққанға дейін пациенттің денсаулық жағдайын кейіннен бағымдай отырып, емдеу тағайындалады.

Скринингтік зерттеулер денсаулықты сақтау үшін өте маңызды, өйткені олар аурудың дамуын уақтылы анықтауға және алдын алуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры азаматтарды осы мүмкіндікті елеусіз қалдырмауға және емхананың скринингтен өтуге шақыруларына жауап беруге шақырады.

Б. ТАЛАСҚАЛИЕВА,
Аудандық аурухананың мейірбикесі.

СВЕДЕНИЯ О ВОИНСКОЙ СЛУЖБЕ ДОСТУПНЫ В ПРИЛОЖЕНИИ EGON MOBILE

Казакстанцы могут получать и передавать данные о воинской службе через приложение eGov Mobile.

Это стало возможным благодаря обновлению сервиса «Цифровые сведения». Теперь пользователи могут просматривать и делиться информацией о своем статусе воинской обязанности и призыве на воинскую службу прямо со смартфона. Новые функции делают доступ к данным еще удобнее и проще.

В обновленной версии приложения стали доступны два новых цифровых сведения:

1. информация о призыве на срочную воинскую службу – данные о призывном статусе гражданина, а также подробности о сроках призыва;
2. сведения об отношении к воинской службе – актуальная ин-

формация о статусе воинской обязанности гражданина.

Гражданин может отправить свои данные самостоятельно, указав сведения или отклонить запрос; - при необходимости отозвать ранее предоставленные данные, нажав кнопку «Отозвать».

Также данные можно передать непосредственно по прямому запросу работодателя — для этого он отправляет запрос по ИИН или номеру телефона пользователя. После чего пользователь получит уведомление и сможет подтвердить или отклонить запрос.

Стоит отметить, что данные можно отправить через мессенджер или почту по прямой ссылке на приложение eGov Mobile.

Чтобы воспользоваться сервисом, необходимо:

- авторизоваться в приложении eGov Mobile и перейти в раздел «Сведения»;

- просмотреть входящие запросы на предоставление доступа к сведениям в разделе «История»; - дать разрешение на передачу сведений или отклонить запрос; - при необходимости отозвать ранее предоставленные данные, если это необходимо.

Новое функциональное обновление реализовано при сотрудничестве Министерства обороны РК, Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК и АО «Национальные информационные технологии».

Жайнагул СЕЙДАХМЕТОВА,
Управление по связям с общественностью АО «НИТ».

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжояр көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірін редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1207 дана. Тапсырыс 1471 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АЙГҮЛДІН «ТӘТТІ» ӘЛЕМІ

ҚАЗАҚСТАНДА КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫН ҚОЛДАУҒА БАҒЫТТЫЛҒАН 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУҒА АРНАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫП КЕЛЕДІ. БАРЛЫҒЫМЫЗДЫҒЫ ҚҰЛАҒЫМЫЗ ШАЛҒАН БҰЛ ЖОБА ӨЗІНЕ ТӨН «БАСТАУ БИЗНЕС» АТАУЫМЕН ТАНЫМАЛ.

Халықтың кәсіпкерлікке деген қызығушылығын арттырып, жаңа бизнес идеяларды іске асыруға қолдау көрсетеді деген мақсатта мемлекеттің қолдауы болатын.

Халықтың әл-ауқатын көтеруде, орта және шағын бизнесті дамытуда «Бастау бизнес» ерекше орын алып отыр. Бұл жоба арқылы азаматтар кәсіпкерлік негіздеріне оқытылып, жаңа идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алады. Бағдарлама еңбек нарығының қажеттерін ескеріп отырып, ауылдық елді мекендерде шағын кредит беру, жұмыс күші ұтқырлығын арттыру секілді маңызды міндеттерді қамтиды.

Оның басты мақсаты - шағын және орта бизнесті дамытып, экономиканың қозғаушы күшіне айналдыру.

Ауданымызда тек былтырғы жылғы 42 азамат 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қайтарымсыз грант жеңіп алды.

Бұл қаражат ауыл тұрғындарына өз кәсіптерін бастауға үлкен мүмкіндік берді. Грант игерген азаматтардың ішінде мал шаруашылығымен айналысқандар да, құс өсіру ісін бастағандар да бар. Сондай-ақ, жеке кәсіптерін ашуға арналған түрлі бизнес-жобалар іске асырылуда.

«Бастау Бизнес» жобасының

сәтті қатысушыларының бірі – Айгүл Жанғабылова. Ол аудандық комиссия алдында өз жобасын қорғап, грант жеңіп алған соң, ауласынан «Тәттілер әлемі» дүкенін ашты. Бұл дүкенде ол әртүрлі тәтті тағамдар әзірлеп, аудан тұрғындарына сапалы өнімдер ұсынууда.

«Бастау бизнес» жобасы оған өз кәсібін дамытуға үлкен мүмкіндіктер ашты. Дүкен ашу үшін қажетті құрылғыларды сатып алу мен алғашқы шығындарын өтеу мәселесі осы гранттың арқасында шешімін тапқан.

Ойыл ауданындағы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының филиалы тұрғындарға кәсіпкерлікті бастау және дамыту бойынша тұрақты түрде қолдау көрсетіп келеді. Жоба қатысушыларына кеңес беріліп, білім алуға және грант жеңіп алуға мүмкіндік жасалған.

Ойылдағы «Бастау бизнес» жобасының жемісті нәтижелері ауданда кәсіпкерлік мәдениетін нығайтып, шағын және орта бизнесті дамытуда ықпал етуде. Жоба алдағы жылдарда да жаңа кәсіпкерліктердің пайда болуына жол ашып, ауданның экономикалық дамуына септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Әділет ШАБАЙ,
Ойыл селосы.

ЕКПЕТАЛ АУЫЛЫ ЖАБЫЛДЫ

ҒИДІГІ МІНДЕТ ЖЕР УЧАШКЕЛЕРІН ҚАЙТА РӘСІМДЕУ

ӨТКЕН АПТАНЫҢ СОҒЫНДА «ШҰҒЫЛА» МӨДЕНИЕТ ЖӨНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ ЕКПЕТАЛ АУЫЛЫН ЖАБУ БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАЛЫМ ӨТТІ.

Тындалымға Екпетал ауылының тұрғындары, мекеме басшылары қатысты. Алдымен Ойыл ауылдық округінің әкімі Артур Аманғосов Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы заңының 11 және 14 бабына сүйене отырып, Екпетал елді мекенін тарату туралы баяндама жасады. Қоғамдық кеңесте Екпетал ауылы тұрғындарынан түскен талап, тілектер тыңдалып, тұрғындарға заңдылық түсіндіріліп, тыңдау заңды күші бар хаттамамен рәсімделетін болды.

Қоғамдық тыңдалымда көтерілген екінші мәселе - Екпетал ауылы тұрғындарының меншік иелерін Ойыл ауылдық округінің меншігіне өткізу және содан кейін сол жерлерін қайтадан Екпетал ауылының тұрғындарына мәртебесін өзгерте отырып, саяжай ретінде беру еді.

Сонымен қатар, саяжай ретінде берілген соң ол жер-

ге электр желісін тарту мәселесін күн тәртібіне көтерілді. Тыңдалым қорытындысы бойынша хаттама рәсімделіп, хаттаманың заңды күші болады және 2025 жылғы жер беру комиссиясы құрамына Екпетал ауылының тұрғындарын қосып, саяжай ретінде жерлер берілген кезде комиссия отырысына қатынасуларына рұқсат берілді.

P.S. ЕСКЕ САЛСАҚ, 2024 ЖЫЛДЫҢ 28 НАУРЫЗЫНДА СУ ТАСҚЫНЫ САЛДАРЫНАН АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҮЙ-ЖАЙЛАРЫ СУҒА КЕТПІ ЗАРДАП ШЕККЕН БОЛАТЫН.

ОЙЫЛ АУЫЛЫНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ЖАРИЯЛАНЫП, ЕКПЕТАЛ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНА КӨШІРІЛДІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА 10 ОТБАСЫҒА ЖАҢА БАСПАНА САЛЫНЫП, 57 ОТБАСЫҒА ЕКІНШІ НАРЫҚТАҒЫ ҮЙ-ЛЕРДЕН ҮЙ САТЫП АЛЫП БЕРІЛДІ.

ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ! ОСЫДАН 1993 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗ ВАЛЮТАСЫ АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗІЛІП, БҰЛ КҮН ЕЛ ТАРИХЫНДА МАҢЫЗДЫ Оқиғалардың бірі болып қалды. СОДАН БЕРІ БҰЛ КҮН ТӨЛ ТЕҢГЕМІЗДІҢ ТУҒАН КҮНІ. БҮГІНГІ ТАҢДА ТЕҢГЕ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗІ, ЕГЕМЕНДІК СИМВОЛЫ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ МЕН БОЛАШАҒЫНЫҢ ТОЛЫҚҚАНДЫ БӨЛІГІ.



Өткен апта аудан әкімдігінде 15 қараша Ұлттық валюта күніне орай аудандағы экономика және қаржы бөлімі қызметкерлерін қабылдап, кәсіби мерекелерімен құттықтады. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев «Сіздердің күнделікті еңбектеріңіз біздің ауданның экономикалық дамуында, бюджетті тиімді басқаруда және қаржылық тәртіпті сақтауда айрықша маңызға ие. Осындай айтулы мерекеде Сіздерге экономика мен қаржы саласындағы жауапкершілікті сезініп, кәсіби шеберлікпен қызмет атқарып жүргендеріңіз үшін алғысымды білдіремін, деп жылы лебізін білдірді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ОҚУШЫ СӨМКЕСІНІҢ САЛМАҒЫ ТАЛАПКА САҮ БОЛУЫ ТИІС!

ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТАЛУЫМЕН ОҚУШЫЛАР АЛДЫНДА ЖАҢА БІЛІМ МЕН ОЛАРДЫ ИГЕРУДЕГІ ҚИЫНДЫҚТАРДЫҢ ДА КЕЗДЕСЕРІ СӨЗСІЗ. КӨПТЕГЕН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫ ӨЗГЕРІП, ТҮРЛІ ФОРМАТТАР МЕН ТҮСТЕРГЕ ИЕ БОЛҒАН. ОҚУЛЫҚТАРДАҒЫ БЕТТЕР САНЫ ЖЫЛДАН ЖЫЛҒА АРТЫП, КІТАПТАР АУЫРЛАЙ ТҮСКЕН.

Оқулықтың ең жоғары салмағы талаптармен белгіленген нормативтерден аспауы тиіс: 1-4 сыныптар үшін 300 г; 5-6 сыныптар үшін 400 г; 7-9 сыныптар үшін 500 г; 10-11 сыныптар үшін 600 г. Барлық оқулықтар, оның ішінде қосымша білім беру материалдары әдемі және түсінікті ғана емес, сонымен қатар қауіпсіз болуы керек. Оқу басылымдарына қойылатын барлық қауіпсіздік талаптары Кеңес одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптармен және гигиеналық нормативтермен регламенттеледі. Баспа өнімдері органолептикалық, санитариялық-химиялық, гигиеналық қауіпсіздік талаптарына, мәтіннің қаріп дизайнына сәйкес келуі керек.

Оқу басылымдарына қойылатын негізгі гигиеналық талаптар қағаз бен полиграфиялық материалдардың, баспаның, жиынтықтың, форматтың, түптеудің сапасына қойылады. Салмақ және шрифтпен безендіруге қойылатын талаптар басылымның жеңіл оқилуы мен салмағының оқушы денесінің

функционалдық мүмкіндіктеріне сай келуін қамтамасыз ету, оқу процесінде көзге жүктемені азайту, көздің және жалпы шаршаудың болдырмауы мақсатында қойылады. Оқулық басылымдарын дайындауға арналған қағаз баспа мәтіннің жақсы көрінуін қамтамасыз етуі тиіс. Оқулық басылымдары жеңіл оқилу және керу арқылы қалайды ерекшеліктерінің талаптарына жауап беруі қажет. 1-сыныпқа арналған әліппелер, басқа да оқулық басылымдары әріптердің соңында керткілген таңбасы жоқ, негізгі және байланыстыратын штрихтар жуандығында аздаған айырмасы бар Әліппе, Әліппе немесе Журналдық түзу ашық жазылатын ұсақ гарнитуралармен теріледі. Оқулық басылымдарын түптеу аз ластанатын тығыз материалдан жасалуы керек. Иісі мен химиялық қауіпсіздігі белгіленген нормалардан аспауы тиіс. Оқу әдебиеті оған қойылатын талаптарға жауап берумен қатар, жас ұрпақтың денсаулығын сақтауды да қамтамасыз етуі керек.

F. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.



Құттықтау

АҚШАТАУ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ҚАНАТ МАНСАТҰЛЫ ІЗҒАЛИЕВТІ 50 ЖАСҚА ТОЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қанат жаңа жасың құтты болсын. Сен ақкөңілдігімен, адамдарға қол көмегіңді беруден елге сыйлысың. Біз саған зор денсаулық тілейміз, жолдасың Бижамалмен бірге 100 жаса!

Ігі тіпекпен: ақшатаулық ауылдастарың.

ДЕРБЕС КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАРДЫ ҚҰРУ МАҢЫЗДЫ

2024 жылғы 5 шілдедегі «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына толықтырулар енгізілген болатын.

Осыған байланысты елімізде, атап айтқанда Астана қаласында 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап, Кассациялық соттар құрылады. Кассациялық соттар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, олардың құқықтарын қорғауға оң әсер ететін болады.

Бұл бастаманы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кассациялық сотты жасақтау жөніндегі тапсырмасымен көтерілген болатын. Мемлекет басшысы өткен жылдың қыркүйек айында Отандық бизнес өкілдерімен кездесу барысында азаматтардың құқықтарын сапалы қорғауды қамтамасыз ету үшін жекелеген кассациялық соттар құрудың маңыздылығы туралы атап өтті. Өз кезегінде тәуелсіз кассациялық сот құру сот төрелігінің сапасын және азаматтардың жалпы соттарға деген сенім деңгейін арттыруға ықпал етеді. 2023 жылдың 19 қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты судьяларының, судьялар одағының орталық кеңесінің, облыстық сот төрағаларының және сот жүйесінің ардагерлері мен Сот әкімшісі басшылығының қатысуларымен «Дербес кассациялық соттарды құру» мәселесі төңірегінде дөңгелек үстел өткізілген болатын. Дөңгелек үстелде Жоғарғы Сот төрағасы А.А.Мерғалиев сот жүйесіндегі жүргізіліп жатқан реформалардың, соның ішінде судьялардың тәуелсіздігі мен сот әділдігін цифрлық өнімдерді енгізу арқылы жүзеге асырудың тиімділігін арттыру бағытындағы оң өзгерістерге тоқталып, Мемлекет басшысының дербес кассациялық соттарды құру туралы тапсырмасын мүлтіксіз орындау қажеттігін атап өтті.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы «2-1-тараумен» толықтырылды. Бұл тарауда кассациялық соттар жөнінде нормалар көзделген. Аталған тараудың 16-2-бабына сәйкес Кассациялық соттарды Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғарғы Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, атауын өзгертуді және таратады. Кассациялық соттар судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының Жоғарғы Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Жоғарғы Сот Төрағасы уәкілетті органның ұсынуы негізінде әрбір кассациялық сот үшін судьялардың санын Жоғарғы Сот Кеңесімен келісу бойынша белгілейді. Кассациялық соттың құрамы шамамен 100-ге жуық судьялардан тұратыны жоспарлануда. Кассациялық сот судьясы ретінде заң саласындағы жұмыс етілі 18 жылдан кем емес, судья лауазымдағы жұмыс етілі 8 жылдан кем емес,

соның ішінде, облыстық сот судьясы ретінде 3 жылдан кем емес жұмыс етілі бар азамат бола алады. Кассациялық төртінше, заңды күшіне енген сот актілері қарау, алдын ала қарауды өткізбей, істі мәні бойынша ақылға қонымды 6 айға жуық мерзімде қарау, кассациялық төртінше 3 құрамды сот болып қарау көзделген. Ал, осы өзгерістер мен толықтыруларға дейін, аталған Конституциялық заңының 17-бабының 1-белігі негізінде Жоғарғы Сот жергілікті және басқа да соттардың қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық және өзге де істер бойынша жоғары сот органы болып табылады, оларға қатысты кассациялық саты функцияларын жүзеге асырады және нормативтік қаулылар қабылдау арқылы сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер беріп отырады. Бұл дегеніміз Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының кассациялық саты ретіндегі өз функцияларын тоқтатады деген сөз. Демек, Жоғарғы Сот тек Республика соттарының істер бойынша сот тәжірибесіне шолулар жасап, қалыптастырады және тиісті түсіндірмелер береді. 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстанда жұмыс істейтін жаңа кассациялық соттар туралы заң жобасын Мәжіліс екінші оқылымда мақұлдаған болатын. Енді қылмыстық, азаматтық, әкімшілік процесілік соттарға және басқа да заңдарға түзетулер енгізіледі.

Кассациялық сатыдағы соттар істерді қарау алқалы сот төрағасының не оның тапсырмасы бойынша судьялардың бірінің төрағалық етуімен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты судьяларының тақ санды (кемінше үш) алқалы сот құрамымен жүргізіледі. Істі алдыңғы сот сатыларында қарауға қатысқан судья сол істі кассациялық сатыда қарауға қатыса алмайды.

Сондай-ақ кассациялық сотты тәжірибеге енгізу сотқа кететін қаржыға нұқсан келтірмей, азаматтардың ұсыныс-талабын ескеріп отырып шешім шығаруға жол ашады. Астана қаласында азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша үш жеке кассациялық сот инстанциисы құрылады.

Ең бастысы, бұл кассациялық орган толық тәуелсіз болады. Сонымен бірге істердің барлық сатылары бойынша арыздарды кассациялық сатыда алдын ала қарау сатысы алынып тасталуы да басты мәселе. Себебі бүгінге дейін істерді бір судьяның қарап, пайымдауымен алқа қарауына жіберілмей келгені белгілі. Бұл азаматтар мен кәсіпкерлердің заңды ренішін туындатқан еді. Сондай-ақ адвокаттар қауымы барлық санаттағы істерді қарауға тараптар міндетті түрде қатысуы керек, әрі істі алқалы құрам жүргізуі тиіс деген ұсыныстарын алға тартып отырау керек. Ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында сот жүйесі барынша объективті, ашық және жария түрде сот төрелігін жүзеге асырады. Сот жүйесіндегі барлық оң өзгерістер ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Сауле ТАНИМОВА,
Ойыл аудандық сотының төрағасы.

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2025

АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ 2025 ЖЫЛДЫҢ I ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

ИНДЕКС

ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ

6 АЙ

65525

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА

3515,22

66525

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА

6796,86

67525

ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА

3070,90

(БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)

2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)